



ДЕНСАУЛЫҚ ПАСПОРТЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ЛИРИКА ЕСКЕН ЭССЕЛЕР

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЖАМБЫНЫ МЕРГЕН АТАДЫ

7-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазір бүкіл әлем аса күрделі тарихи кезеңде өмір сүріп жатыр. Осындай кезеңде мемлекеттердің көпжылдық даму бағдары айқындалады. Сондықтан біз уақыт талабына сай болып, жылдам әрі батыл қимылдауымыз керек. Жалаң сөзге уақыт кетірмей, нақты әрекет жасап, саяси жауапкершілік таныту қажет. Дәл қазіргі кезеңде әрбір күннің қадірін дұрыс түсініп, қолда бар мүмкіндікті дұрыс пайдалануымыз керек. Әйтпесе, жаһандық бәсекеге ілесу қиын болады. Табысқа жету үшін мемлекет пен қоғам ортақ мүдде жолында әрдайым бірге болуы керек.

№87
(4675)

Сейсенбі
23 шілде
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖОЛАҚЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ

Астанада қоғамдық көлікте жол жүру құны 1 тамыздан бастап 90 теңгеден 110 теңгеге дейін көтеріледі.

Елордада мектеп оқушылары мен зейнеткерлер, мүгедектер, көпбалалы отбасылар және басқа да жеңілдік иелері де қоғамдық көлікте тегін жүреді. «City Transportation Systems» ЖШС баспасөз қызметі Астанада қоғамдық көлікте жүру ақысының көтерілуіне байланысты тамыз айында ұзақ мерзімді жол жүру – айлық, үш айлық, сондай-ақ күнделікті жол жүру тарифтерінің бағасы сол қалпы қалатынын мәлім етті.

ТАМЫЗДА ҚАНША КҮН ДЕМАЛАМЫЗ?

Тамыз айында елімізде мемлекеттік мереке – Конституция күні аталып өтіледі.

Биыл 30 тамыз – Конституция күні аптаның жұмасына сәйкес келіп тұр. Мемлекеттік мереке болғандықтан, бұл күн демалыс күні болады.

Атап айтқанда, тамыз айының соңында қазақстандықтар былай демалады: бес күндік жұмыс аптасы үшін – 30, 31 тамыз және 1 қыркүйек; алты күндік жұмыс аптасында – 30 тамыз демалыс күні, 31 тамыз жұмыс күні, 1 қыркүйек демалыс күні болып табылады.

Сондай-ақ қазақстандықтар сенбі мен жексенбі күндерін қоса алғанда бес күндік жұмыс аптасында тағы сегіз күн, алты күндік жұмыс аптасында төрт күн демалады.

ТҮРЛІ МАМАНДЫҚТЫ МЕҢГЕРЕДІ

Елордада жүзеге асырылып жатқан JOLTAP әлеуметтік жобасы арқылы жаңа мамандықты меңгеріп жатқандар қатары өсіп келеді. Астананың барлық аудандарында осы жоба аясындағы «Баршаға мүмкіндік» мобильді кеңселері іске қосылған. Бүгінгі таңда бұл жобаны республика өңірлерінде ашу жоспарланып отыр.

ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙТЫН ЕЛОРДАЛЫҚТАР



PARIS 2024

Франция астанасы Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарының басталуына 4 күн қалды.

Дүбірлі додада Қазақстан құрамасы сапында 12 астаналық спортшы ел намысын қорғайтын болады. Елорда спортшылары 7 спорт түрінен 13 лицензия жеңіп алған. Олимпиада ойындарында астаналық 5 теннисші мен

3 боксшыға үміт артылып отыр. Сондай-ақ тұңғыш рет құзға өрмелеуден Қазақстан спортшысы сынға түсетін болады. Бұл жолдаманың иегері де елордалық Әмір Баймұратов болды.

8

СӘТБАЕВ ПОЙЫЗЫ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Елорданың «Нұрлы жол» вокзалынан қазақтың алғашқы академик-геологы Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай безендірілген жолаушылар пойызы жолға шықты, деп хабарлады Elorda.info.

«Қаныш Сәтбаевтың ғылыми қызметі Жезқазған қаласымен тығыз байланысты болғандықтан, №65/66 «Астана – Жезқазған» бағытындағы пойыз рәсімделді. Рәсімделген пойыз күздің басына дейін қунара қатынайтын болады» делінген «Жолаушылар тасымалы» АҚ хабарламасында.

Қазақтың көрнекті қай-

раткерлеріне арналған тақырыптық жобаны Ұлттық тасымалдаушы «Қазақмыс» компаниясымен бірлесіп алғаш рет іске асырып отыр. Пойыздың сыртқы жағында Қаныш Сәтбаевтың өмір сүрген жылдары мен оның мерейтойлық портреті бейнеленген. Жоба ұлы қазақ ғалымының есімін қастерлеуге бағытталған.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 521.44 \$ USD/KZT 477.03 ₰ RUB/KZT 5.43 ¥ CNY/KZT 65.71

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҚЫЗМЕТТЕ ТАБЫС ТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Иран Ислам Республикасының жаңадан сайланған Президенті Масуд Пезешкианды жеңісімен құттықтап, жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Әңгімелесу барысында екі ел басшылары қазақ-иран қатынастарын одан әрі нығайтуға өзара ниетті екенін растады.

Тараптар сауда-экономикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен даму

перспективаларын талқылады. Сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

КӨРМЕ МАҚСАТЫ – ДИҚАНДАРҒА КӨМЕК

Астана қаласынан 90 шақырымда орналасқан Ақкөл ауданы, «Еңбек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің алаңында «Jaŋa Dala / Green Day» 2024» қазақстандық дала күні» мамандандырылған көрме-демонстрациясы өтті.

Шапағат ӘБДІР

Көрме-демонстрациясының ресми ашылуына келген Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов пен Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров құттықтау сөз сөйлеп, облыстың агроқешені саласының үздіктерін марапаттады.

шылығы техникасын сатып алу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Бәйтерек» Холдингі «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы жылдық 5 пайыз мөлшерлеменен жеңілдетілген несиені беретінін айтып жаңа бағдарламаны таныстырған «ҚазАгроҚаржы» АҚ басқарма төрағасы Айдар Прашев аталған несиенің қанша жылға дейін берілетінін және алдын ала

біз өз саласын жақсы білетін фермерлердің арқасында ауыл шаруашылығы саласында не жақсарту керектігін, не қосу керектігі жөнінде ұсыныстарын тындап, оларды шешу жолында өз үлесімізді қоспақшымыз, – деді «ҚазАгроҚаржының» басшысы Айдар Прашев.

Шын мәнінде мемлекеттік қолдаудағы бұл бағдарлама фермерлердің бірден



Бұл халықаралық көрмеге Қазақстаннан және әлемнің 20 елінен 200-ден астам компания қатысты. Қонақтардың ішінде Францияның және Германияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшілері де болды.

Сондай-ақ аталған көрме аясында «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы баспасөз турын ұйымдастырып, көрме павильонында ауыл шаруашылық тауар өндірушілері үшін Ашық есік күні ұйымдастырылды.

Ашық есік күнінде фермерлер «ҚазАгроҚаржы» АҚ басшылығына сұрақ қойып, туындаған проблемаларын ортаға салып, қолданыстағы лизингтік бағдарламалармен танысты. Ал 2024 жылғы маусымда іске қосылған бұл бағдарлама бойынша енді агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне отандық ауыл шаруа-

төлемнің мөлшерін де атап өтті.

– Жақында біз «Бәйтерек» холдингімен агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қолдауға 100 миллиард теңге бөліп, жылдық 5 пайызбен лизингтік жеңілдетілген бағдарламасын іске қостық. Лизинг мерзімі 7 жылға дейін. Алдын ала төлем 10 пайызды құрайды. Сонымен қатар, лизингтік өнімдердің фермерлер арасында үлкен сұранысқа ие екендігіне де көз жеткізіп отырмыз. Біз осы «Ашық есік күні» арқылы клиенттерімізді мазаалап жүрген мәселелерін, сұраныстарын қарастырамыз. Әрі бұл біздің компанияның осал тұстарын анықтауға көмек береді. Іс-шара барысында бізге кеңес алуға Ақмола, Қарағанды облысынан және Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облысының фермерлері де келді. Сондықтан да

қызығушылығын арттырған. Өйткені жыл басынан бері «ҚазАгроҚаржы» АҚ-қа 171,8 миллиард теңгеден аса 8405 техникаға өтініш келіп түскен. Оның ішінде 128 млрд теңгеге жуық 5661 техника отандық өндіріс техникасы екен.

Ал «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингінің басқарушы директоры Нияз Көшкімбаевтың айтуынша, ауыл шаруашылық техникасын қолжетімді ету үшін бөлінген қаражат тек лизингке ғана емес, «Кең дала-2» бағдарламасына және кепілдіктерді субсидиялауға да жұмсалмақ.

Ал «ҚазАгроҚаржының» ашық есік күніне қатысқан біз пресс-тур соңында аталған халықаралық көрме аясында ұйымдастырылған ойын-сауық-танымдық және шоу-бағдарламасына қатысып, бір күнімізді қорытындыладық.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бельгияның Ұлттық күніне орай Король Филиппке құттықтау жеделхатын жолдады.

– Қазақстан мен Бельгияны берік достық пен өзара құрметке негізделген тығыз серіктестік қарым-қатынас

байланыстыратынын ерекше атап өткім келеді, – деп жазылған жеделхатта. Президент Қасым-Жомарт

Тоқаев Король Филипптің барлық игі бастамасына табыс, Бельгия халқына бақ-береке тіледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Руанда Президенті Поль Гагамеге құт-

тықтау жеделхатын жолдады. Онда Президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтап,

елінің өркендеуі жолындағы бастамаларына табыс тіледі.

ОРМАНДЫ ОДАН ӘРІ ДАМУ ТУ ЖОЛДАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Астана қаласының айналасындағы жасыл аймақты аралап шығып, жасыл белдеудегі әртүрлі өсімдік дақылдарының мәселелері бойынша жауапты тұлғаларға тапсырма берді.



Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің, Ә.Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы және агроорман-мелиорация ғылыми-зерттеу институтының және «Жасыл аймақ» ШЖҚ РМК өкілдерімен бірлесіп Астана қаласының аймағындағы жасыл желекті ұшақпен бақылап, егілген

ағаштардың жай-күйімен танысты.

Министр бұрыннан бар көшеттерді тығыздау, күйзеліске ұшыраған көшеттерді қалпына келтіруді тапсырып, одан арғы атқарылатын жұмыстар бойынша тиісті тапсырмаларды жүктеді. Негізгі құнды тұқымдардың, оның ішінде микроклональды тәсілмен алынған отырғызу материалдарын қолдануға ерекше назар аудару қажет, бұл

ретте осы жұмыстарды ғылыми сүйемелдеуге ерекше көңіл бөлу керектігі айтылды.

Жалпы жасыл желектің жағдайы қанағаттанарлық.

Бүгінгі күні елорда айналасындағы жасыл аймақтың жалпы ауданы 102,3 мың гектарды құрайды, оның ішінде «Жасыл аймақ» РМК аумағында – 87,6 мың гектар, «Астана орманы» ЖШС аумағында – 14,7 мың гектар.

БАС ҚАЛА БАЛАЛАРЫ ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың мәлімдеуінше, қалалық мәслихаттың тапсырмасы бойынша қазіргі уақытта 84 білім беру ұйымында жергілікті бюджет қаражаты есебінен аз қамтылған отбасылардан шыққан 3820 балаға (1 балаға 130 мың) арналған қала сыртындағы сауықтыру лагерьлеріне жолдамалар сатып алуға конкурстық рәсімдер өтті.



«Елордада жазғы демалыстың барлық түрлерімен 200 519 оқушы немесе 1-10 сынып оқушыларының жалпы санының 99%-ы қамтылған. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру екі бағыт бойынша жүргізіледі – сауықтыру және жұмыспен қамту. Қала-

ның білім беру ұйымдарының базасында: 97 мектеп жанындағы, 75 бейінді, «Батыр» лагері, «Ақ желкен» спорт лагері және Назарбаев Университеті жанындағы «Еркемай» лагері жұмыс істейді.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық

білім беру нысандарында бейнебақылау камералары (11,5 мың) және дабыл түймелері орнатылды, Төтенше жағдайлар департаменті, полиция және денсаулық сақтау қызметкерлерімен бірлесіп, персоналды оқыту жүргізілді» дейді Ерлан Каналимов.



ЕМХАНА МӘСЕЛЕСІНЕ НАЗАР АУДАРДЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаты Алтыншаш Табулдина Аманат партиясы Нұра ауданының хатшысы Мырзамұрат Бисембаевпен бірге №12 қалалық емханаға барды.

Онда ұйымның өзекті мәселелері мен медицина қызметкерлерінің мәселелері талқыланды. Емхана МСАК орталығы ретінде құрылған. Мекемеде арнайы мамандардың пациенттерді қабылдау, диагностикалық және хирургиялық салада емдік қызметтер көрсетуге арналған тиісті желдету жүйелері бар жабдықталған кабинеттер жоқ. Жиында жобалық құжаттаманы әзірлеу және мемлекеттік сараптамадан өту үшін техникалық негіздеме қажеттігі айтылды.

«Ғимараттың күрделі жөн-

деуін ғана емес, сонымен қатар қосымша ғимарат салып, кеңейту мүмкіндігін негіздеу қажет деп санаймын. Соңғы екі жылда жергілікті бюджет есебінен мәслихат депутаттарының қолдауымен 7 емхана, №1 балалар ауруханасы қабылдау бөлімі жөндеуден өтті. Мәслихатта денсаулық сақтау мәселесі бірінші кезекте қаралуда және қолдау табуда» деді Алтыншаш Табулдина.

Оның айтуынша, Үркер тұрғын алабында орналасқан №12 қалалық емхана қызметкер-

лерінің 40%-ға жуығы жұмысқа қаладан қатынайды. Депутат мектептің жақын орналасуы мен мұғалімдердің жол жүру қажеттілігін ескере отырып, қоғамдық көліктердің қозғалысын оңтайландыру бойынша бірлесіп жұмыс жасауды ұсынды.

«Бұл емхана үшін тағы бір өзекті мәселе – Ақмола облысымен шектесетін аумаққа қызмет көрсететін емхана. Сондықтан қызмет көрсетілетін аумақтың ұзақтығына, күрделілігіне қарай МСАК тарифтерін қайта қарау қажет» деді депутат.

КІТАПХАНАЛАР ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

Астанада «Кітапхана ісін дамыту: ортақ мақсат, жаңа бастама» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті. Жиынға Астана қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Эльдар Дүйсетәев, Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғылыми кітапханасы директорының орынбасары Жанар Мамаева, М.Жұмабаев атындағы халықаралық жоғары колледж кітапханасының басшысы Айша Мәдкенова қатысты.

Отырыста елорданың жоғары оқу орындары кітапханаларына қаланың орталықтандырылған кітапханалар жүйесі оқырмандарының жазылу мәселесі талқыланды. Maqsut Narikbayev University кітапханасының қолжетімділігі туралы аталмыш оқу орнының атқарушы директоры Мәмила Асылбекова баяндама жасап, осы кітапхананы таныстырды. Оның айтуынша, бұл ЖОО-да университет кітапханасымен қатар «Public Library» атты қоғамдық кітапхана жұмыс

істейді. Университет кітапханасының жалпы қорында 188 мыңнан астам, ал қоғамдық кітапханада 5 мыңға жуық жаңа баспа өнімдері бар. Бұл қатарда мотивациялық әдебиет, көркем шығармалар, кез келген талғамға арналған жанрларды қамтитын жоғары мамандандырылған және ғылыми еңбектер жинақталған. Кітапхана үш тілдегі кітаптарды, атап айтқанда, әлемдік бестселлерлердің қазақ тіліне аудармаларын, сондай-ақ Қазақстан туралы шет тілдерін-

дегі әдебиеттерді ұсынады.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғылыми кітапханасы директорының орынбасары Жанар Мамаева қала кітапханалары мен бұл университет кітапханасының байланысы, жұмыс істеу формалары жайында әңгімеледі. Қала мен елорданың жоғары оқу орындары кітапханаларының басшылары жастарға аталған кітапханалардың қорларына жол ашуға қатысты өзара келісімге келіп, ынтымақтасу жолдарын ортаға салды.



ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Таза Астана» жобасын іске асыру аясында астананың кондоминиум нысандары басшылары Астана қаласы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Эльдар Данияров бастаған департамент қызметкерлерімен кездесті.

Жиында тұрғын үйлер, подъездеріндегі қоқыс, балалар арбалары мен велосипедтерді бейберекет қою, «Сергек» камералары, соның ішінде бейнежазбаны керек кезде тұрғындардың қарай алмауы, аулалар мен ішкіорамдық көшелердегі жол белгілері, қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған

аандардың қоқысқа толуы, тыныштықты бұзатындар, вандализм, хостелдер, тіркеуі жоқ пәтерді жалға алатындар мәселелері көтерілді.

Сондай-ақ учаскелік инспекторлар мен 102 операторлары жұмысының сапасы туралы айтылды. Отырыста «Таза Астана» жобасына қатысушылар келеңсіз жағдайларды жою

үшін бірыңғай платформа іске қосылатынын хабарлады. Астана қаласы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Эльдар Данияров көтерілген барлық мәселені бақылауға алатынын, ал анықталған кемшіліктерді жоюға департамент қызметкерлеріне белгілі бір мерзім беретінін жеткізді.



САБАНТОЙ МЕРЕКЕСІ

Астанада татар-башқұрт мәдени орталығы өзінің 30 жылдығын ұлттық Сабантой мерекесімен атап өтті. Мереке Қазақстан халқы ассамблеясы мен демеушілердің қолдауымен ұйымдастырылды.

Сабантой татар және башқұрт халқының мәдениетін, ана тілін сақтауға деген ұмтылысты, қонақжайлылықты бейнелейді және түрлі этностардың бірлігіне ықпал етеді.

Татар-башқұрт мәдени орталығының құрметті төрағасы, Қазақстан халқы ассамблеясы кеңесінің мүшесі Рафик Валиевтің айтуынша, Сабан-

той – татар-башқұрттың ұлттық мерекесі. Бұл ЮНЕСКО-ға енгізілген мереке Қазақстан халқының ассамблеясы, «Қоғамдық келісім» КММ және Астана әкімдігінің қолдауымен жыл сайын Қазақстан астанасында атап өтіледі. Сондай-ақ Қазақстанның барлық өңірінде ғана емес, бүкіл әлемде тойланады.

Концерттік бағдарламаға 150-ге жуық адам қатысты. Қол-өнершілер ұлттық бұйымдарды, соның ішінде киім-кешек, тұрмыстық заттарды жұртшылыққа ұсынды, дәстүрлі тағамдардан дәм татқызды. Мерекеге Татарстаннан Алсу Ахмедзянова мен Марат Кәрімов сынды әртістер, Қазақстанның басқа өңірлерінен де өкілдер келді.



ОҚУШЫЛАР АЛМА АҒАШТАРЫН ЕКТІ

Астаналық оқушылар «Таза Қазақстан» экоакциясына белсенді үлес қосып келеді. Табиғат жанашырларының атсалысуымен №43 қосымша білім беру мектеп орталығында алма бағы отырғызылып, биылғы маусымда мол жеміс береді деп күтіліп отыр.

Жасыл желекке оранған мектеп ауласындағы шағын бақта 30 түп алма ағашы егілген. Бұған қоса, жылыжай маңында тағы 20 түп осы жеміс ағашы бой түзеген. Мектеп ауласында тек алма бағы ғана емес, 18 гектардан астам жылыжай және ағаштар мен гүлзарлар бар. Бұларды жазғы маусымда білім ошағында оқитын шәкірттерден жасақталған

«жасылдіктер» тобы кезекпен баптап, күтеді. Оқушылар өз қолымен өсірген жемістер мен көкөністерді теріп алған соң, бұлардан пайдалы өнім жасап шығарып, ғылыми жобаларға өзек етеді.

Жалпы елордада жасөспірімдер мен жастар арасында қоршаған ортаны қорғау, оны аялау сезімдерін ұялату, сонымен қатар, жастарды еңбекке бау-

лу мақсатында «Жасыл ел» бағдарламасы іске асырылып жатыр. Жоба аясында елордада биыл 14-35 жас аралығындағы 4200-ден астам жас жұмыспен қамтылады. Олар қаламыздың құрылыс нысандарында, қала маңындағы «Жасыл белдеу», әлеуметтік нысандардың, жалпы білім беру мекемелері мен қалалық саябақтардың аумағында жұмыс істейді.

№87 (4675) 23/07/2024 Сейсенбі

«JASYL FEST» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экоакция аясында «Jetisu» саябағында алғашқы «Jasyl Fest» экологиялық фестивалі өтті.

Іс-шараны Астана әкімдігінің қолдауымен StopMusor әлеуметтік жобасы аясында Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы ұйымдастырды.

Қатысушылар қарапайым мысалдармен күнделікті өмірде ең жеңіл экологиялық әдеттерді қалай енгізуге болатындығын көрсетті. Бұл ретте бірқатар экологиялық іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, экофестиваль аясында жақсы және таза киімдерді, кітаптар мен балалар ойыншықтарын қабылдаудан тұратын тегін сыйлық жәрмеңкесі өткізілді.

Жақын жерде тиісті таңбалары бар қайта өңделетін заттарды қабылдау (макулатура, картон, сусындарға арналған пластикалық бөтелкелер; тұрмыстық химияға, сусындарға, душқа арналған гельдерге жасалған пластикалық ыдыстар; пластик, алюминий бангалар) орналасқан. Мерзімі өткен дәрі-дәрмектер, батареялар, шамдар, тіс щеткалары кіретін қауіпті қалдықтарды тастауға арналған орын да бар.

Қайта өңдеуге New Wave еріктілер қозғалысының белсенділері көмектесті.

– Бүгін мен экоакцияға ерікті ретінде бірінші рет қатысып отырмын, бірақ бұл туралы көптен бері ойлап жүргенмін. Бұған менің айналам әсер етті. Мен Астанаға көшіп келдім, мұнда көптеген адамдардың қоқысты сұрыптап жатқанын байқадым. Бұл тақырып менің жанымға жақын, себебі мен



де таза планетаны қолдаймын және қаламыздың айнадай болуына өз үлесімді қосамын, – деді эко белсенді Арайлым Әділбекова.

Мұнда эко белсенді және жаттықтырушы Мариям Қасымованың қатысуымен қалдықтарды бөлек жинау бойынша шеберлік сабақтары мен шопперлердің қолтаңбасы ұйымдастырылды.

– Біз қазір тұтыну жағынан өте көп, қоршаған ортаға теріс әсер ететін көптеген заттарды сатып алатын уақытта өмір сүріп жатырмыз. Адамдар заттарды сатып алғанда, бұл планета үшін қандай шығын болатынын ойламайды. Табиғи

ресурстар кез келген киім жасауға жұмсалады. Мысал ретінде бір футболкаға шамамен үш мың литр су кетеді. Кез келген адам гардеробын ашып, киіміне қанша су жұмсалғанын есептей алады. Біздің іс-шарамыздың мақсаты – дармар-кадағы заттардың мерзімін ұзарту, адамдарға тұрмыстық қалдықтардың дұрыс бөлінуін көрсету. Осылайша, біздің қоғамның саналы тұтынуға көшуіне көмектескім келеді, – деді жаттықтырушы.

Фестиваль Adamdar/CA командасының «Шығыс: жер, су, ауа» деректі фильмінің көрсетілімімен қорытындыланды. Онда Шығыс Қазақстан облысының суы мен ауасының жай-күйі бойынша негізгі мәселелер сипатталған.

Айта кету керек, StopMusor жобасы халықтың сауаттылығы мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ азаматтар арасында тұрмыстық қалдықтарды жауапты кәдеге жарату мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған.

Жоба аясында арнайы сайт әзірленіп, іске қосылды stopmusor.kz, Instagram және Facebook-те әлеуметтік желілерде аккаунттар құрылды. Осылайша, Астанада «Таза Қазақстан» ауқымды экоакциясы жалғасуда, оның шеңберінде қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық көздерін тазарту, көшелерді, тротуарларды, орамшылқ аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды жинау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

ТҮРЛІ МАМАНДЫҚТАРДЫ МЕНҒЕРДІ

Астанада JOLTAP әлеуметтік жобасы аясындағы қысқа мерзімді курстарды оқушылар қатары өсіп келеді. Солардың бірі – елордалық Фариза Дәулетова бүгінде түрлі мамандықтарды меңгерді.

Фариза Дәулетова «Хас Шебер» байқауының туын тігіп, 300 қатысушының бірі ретінде Қазақстанның рекордтар кітабына енді. 2021 жылы астаналық «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша білім алған ол бизнесі үшін грант жеңіп алды. Бірақ кейінірек бизнесін тоқтатуға мәжбүр болды. JOLTAP жобасы туралы «Asia Park» сауда ойын-сауық орталығы жанындағы мобильді пункттегі кеңесшілерден білгенін жеткізді.

– Мен ол кезде сауда өкілі болып жұмыс істедім, бірақ тігіншілікке деген қызығушылығым күшті еді. 2023 жылдың қарашасында мобилография және тігінші курстарына жазылдым. Екі айдан кейін қоңырау шалып, сабаққа шақырды. Бастапқыда мобилограф болып оқыдым, онда біздің оқытушымыз Кәмшат Қапар сабақ барысында көп нәрсені ракурсты таңдау, пост жазу және басқа да көптеген әдіс-тәсілдерді үйретті. Бұл мамандықтар жақында бастайтын бизнесімді дөңгелетуге септігін тигізді. Содан кейін модельер-конструктор мамандығына оқыдым. Бұл салада еңбек өтілі көп және түрлі халықаралық байқаулардың жүлдегері болған Анара Сәдуа бізге дәріс берді. Содан кейін тігінші курстарында оқып, онда оверлокты қалай пайдалану керектігін, сонымен қатар жағаларды қалай тігу керектігін үйрендім. Осыдан кейін

бухгалтер курсына жазылдым. Бұл білім маған бизнесімді жүргізуге көмектеседі. Жақында әпкем ателье ашуды жоспарлап отырған ғимаратты сатып алды, – деді елорда тұрғыны.

Кейінірек ол графикалық дизайн және видеомонтаждау бойынша оқығанын айтты.

– Ноутбук пайдалануды дұрыс білмейтінмін әрі Adobe Photoshop бағдарламасын жүктей алмайтынмын, жоба аясында курсқа қатысып, көп нәрсе үйрендім. Ұстазым Дәулет Әждардың сабақтары маған қатты ұнады. Бұл бізге жаңа білім алуға және оны іс жүзінде жетілдіруге тамаша мүмкіндік берді. Жоба ұйымдастырушыларына ризамын. Оқытушы Анар Төлегенқызын ерекше атап өткім келеді, ол үлкен тәжірибеге ие және өз ісін жақсы біледі, сонымен бірге өз білімін өзгелерге барынша үйретуге тырысады. Сондай-ақ бухгалтерия оқытушысы Гүлмира Бейсембаеваға да ризашылығым шексіз. Оқу барысында маған теориялық сабақтарға ғана емес, практикадан өтуге арналған кабинеттер өте ұнады. Дамуға қажетті барлық жағдай жасалған. Бұл елорда тұрғындары үшін керемет мүмкіндік, – деді ол.

Фариза бас-аяғы бес айдың ішінде жайнамаз, жастық тігуді, сүлгілерге арнайы кесте тігуді меңгеріп алды. Осылайша өз ательесін ашуға дайындалып жүр.



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ГАЗДАНДЫРУҒА 10,5 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Астананы газдандыру 2025 жылға дейін аяқталады. Бұл туралы елорда тұрғындарымен есеп беру кездесуінде ҚР Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев мәлім етті.

Министрдің мәлімдеуінше, республикалық бюджет қаражаты есебінен елордада жылу қуатының тапшылығын төмендету үшін 2023 жылы бірінші кезектегі ЖЭО-3, жылу қуаты сағатына 1175 Гкал болатын «Оңтүстік-шығыс» және «Тұран» газ қазандықтары салынған.

Қаланы газдандыруға келетін болсақ, А.Сәтқалиевтің айтуынша, қазір газ тарату желілерінің құрылысы белсенді жүргізілуде. Ол үш кезекке арналған.

– 2021 жылы бірінші кезектің және екінші кезектегі екі іске қосу кешенінің құрылысы аяқталды, бұл қаланың 200 мыңнан астам тұрғынына табиғи газға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Ағымдағы жылы газдандырудың екінші кезегін аяқтау, сондай-ақ үшінші кезекті іске асыруды бастау жоспарланып отыр, – деді министр.

Қуаттылығы 350 мың м³/сағ үшінші газ тарату станциясын



салу көзделген газдандырудың үшінші кезегін іске асыруға ағымдағы жылы республикалық бюджеттен және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қаражатынан 10,5 млрд теңге бөлінді.

Астананың 300 мың тұрғыны газбен қамтамасыз етілуі керек. Бүгінде табиғи газды

шамамен 12,2 мың абонент, яғни 200 мыңнан астам адам пайдаланып отыр. Газ құбырлары Оңтүстік-Шығыс, Тұран, Тельман, Қараөткел (Ильинка), Пригородный, Өндіріс пен Қараөткелдің қазандықтарына дейін тартылды. Енді газ тарату жүйелерін салу қажет. Бүгінде

Family Village бен Шұбарда құрылыс-монтаж жұмыстары атқарылып жатыр; Қараөткел мен Тельман бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар, қаржыландыру мәселесі 2024 жылғы республикалық бюджетті нақтылау және 2025-2027 жылғы бюджетті қалыптастыру кезінде қаралады; Пригородный мен Өндіріс бойынша жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп жатыр, жыл соңында мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынады. Ал Шұбарда газ тарату жүйелеріне 188,7 миллион теңге қарастырылған.

Энергетика министрінің айтуынша, Астананы газдандыру жоспарға сай 2025 жылы аяқталады. Республикалық бюджет пен «Самұрық-Қазына» АҚ есебінен бөлінген қаражатқа газдандырудың үшінші кезекті атқарылып, соның аясында тағы бір газ тарату станциясы салынады. Барлық мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕГІ ТАРИФ ТҮРЛЕРІ

Елордада тамыз айында жол жүру тарифтері өзгермейді.

Айлық жол жүру:

Қала – 7 500 теңге;

Қала + қала маңы – 9 500 теңге;

Үш айлық жол жүру – 20 000 теңге (тек жеке тұлғаларға).

Тәуліктік жол жүру:

1 тәулік – 500 теңге;

3 тәулік – 1 500 теңге;

5 тәулік – 2 000 теңге;

15 тәулік – 4 000 теңге.

Ауысып отырумен сапарлар:

Ауысып отырумен 15 сапар – 2 000 теңге;

Ауысып отырумен 30 сапар – 4 000 теңге.

(60 минут ішінде 1 рет ауысып отыру)



БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ ПАСПОРТЫ: ҚАҒАЗЫ ДҰРЫС ПА, ЭЛЕКТРОНДЫ МА?

Елімізде жыл сайын мектеп табалдырығын аттаған балаларға бала денсаулығының паспорты қажет. Бұл дегеніміз, жыл сайын шамамен 380 мыңнан астам балаға осы құжат дайындалады. Жалпы, құжатты қағаз жүзінде жүргізу оның жоғалуына немесе өзекті деректерді жоғалтып алуға, емханаға барғанда ұзын-сонар кезекке әкелетіні жасырын емес. Осы мәселелерді шешу үшін Денсаулық сақтау министрлігі Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, баланың денсаулық паспортын электрондық форматқа ауыстыруға шешім қабылдаған. Енді «Egov mobile» мен «eDensauluq» электрондық қызметтері арқылы баланың денсаулығы туралы ақпаратқа жылдам қол жеткізуге болады. Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерін тестілеу кезінде 72 баланың электрондық денсаулық паспорты (052-2/е нысаны) түзілген. Енді тамыз айында EGov Mobile-мен электрондық паспортты интеграциялау процесі аяқталады.

ҚОЛДАУШЫЛАР КӨП, ҚАРСЫЛАР ДА БАР

«Білім беру мекемелері оқушылардың денсаулық жағдайы туралы өзекті деректерді жедел ала алады. Олар емханаларда медициналық қарап-тексеруден кейін автоматты түрде берілетін болады» деп хабарлаған еді министрлік.

Бұл жаңалықты ата-аналар қалай қабылдады деген сауалға келсек, қолдайтындар да, қолдамайтындар да көп екен. Өйткені Денсаулық сақтау министрлігінің әлеуметтік желідегі парақшасына пікір қалдырғаны ата-аналардың көбі электронды ақпараттың таралып кетуіне немесе бір күнде базадан автоматты түрде өшіп кетуіне алаңдайды.

«Цифрландыруды әрине құптаймын. Бірақ біздің жүйе оған қаншалықты дайын екеніне күмәнім бар. Біріншіден, емханаға барғанда міндетті түрде дәрігердің алдында 15-20 минут отырамын. Одан кейін компьютерге енгізілген жолдамаларды алу үшін мейіргерге барамын. Міне, мәселе осы жерде басталады. Үнемі жылдамдығы төмен интернет пе, әлде компьютерлері ескірген бе, әйтеуір бір жапырақ қағазды алу үшін өте ұзақ уақыт күттіріп қояды. Оның үстіне баланың денсаулық паспорты өзімнің қолымда жүргені сенімді. Бір сәтте барлық ақпараттан айырылып қалмас үшін, ең болмаса маңызды екепелердің нәтижесін қосымша жазып алатын шығармын. Менің ойымша, бастапқыда екеуін де қатар іске асырғандары дұрыс»

Қағазбастылықтан құтылудың жалғыз жолы – цифрландыру. Әсіресе, медицина саласында бұл мәселе талай рет көтерілген болатын. Міне, тағы бір жаңа бастама, бала денсаулығының паспорты енді электронды форматқа көшетін болды. Денсаулық сақтау министрлігі бұл жоба тамыз айынан бастап қолданысқа енетінін хабарлады.



дейді Астана тұрғыны Айжан Оралбайқызы.

Оның айтуынша, биыл үшінші баласы мектеп табалдырығын алғаш аттайды екен. Бала денсаулығы паспортын алдын ала емханадан дайындап, қажетті құжаттармен қоса таңдаған мектепке электронды үкімет арқылы жолдағанын айтады.

«Баланың денсаулығы туралы көк құжаттың электронды форматқа ауысатынын естіп, қуанып отырмын. Жыл сайын жаз айында «Бала денсаулығы паспортын тез жасап беремін» деген ақылы жарнамалар қаптап кетеді. Яғни, қажет ақшасын ұсынсаң, апталап бітіре алмаған жұмысыңды бір-екі күнде бітіріп берді. Әлгі жерде салалық мамандардың тексеруінен автоматты түрде өткізіп жібереді. Бұл дұрыс емес. Өйткені баланың денсаулығы қашанда маңызды. Мектеп табалдырығын аттағалы жатқан оқушының жалпы денсаулық жағдайын түбегейлі тексеруден өткізу ең алдымен ата-ананың өзіне керек. Бірақ, өкінішке қарай, емханалардағы ұзын кезек, алдын ала дәрігерге жазылу секілді мәселелер жұмысбасты ата-аналарға оңай емес. Сондықтан көбі жеңіл жолды таңдайды. Ал дәл осы құжатты автоматтандыру ең алдымен, жоғарыда атап өткен жемқорлықтың алдын алса құп болар еді. Екіншіден, баланың денсаулығы туралы ақпарат мектеп әкімшілігіне автоматты түрде жөнелтіледі. Одан бөлек, өзіміз қосымша арқылы бала денсаулығын бақылайтын боламыз» дейді

жаңа бастаманың жүзеге асқанына қуанған елордалық ата-ана Нұрсұлу Бекназарова.

ЖАҢА БАСТАМА ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

Жалпы, бала балабақшаға немесе мектепке қабылданғанда оған денсаулық паспортын рәсімдейді. Жиырма жыл бұрын қабылданған министрліктің бұл бұйрығы – балаларға медициналық көмек көрсетуді жетілдіру үшін әзірленген 026/у-3 есеп нысаны.



«Аталмыш құжат бала денсаулығының жай-күйін профилактикалық іс-шаралар өткізумен қорытындылайтын үздіксіз сапалы түрде диспансерлік бақылау жасауға арналған. Профилактика өз кезегінде физикалық дамуын жақсартуға, бала денсаулығын нығайтуға, аурулардың алдын алуға, дамып келе жатқан патологияның бастапқы сатыларын белсенді анықтауға, әлсіз және ауру балаларды сауықтыру мен емдеуге бағытталған. Денсаулық паспортының

медициналық картадан айырмашылығы бар. Педиатрлар медициналық құжаттаманы өздері үшін және өз әріптестері – салалық мамандар үшін жүргізеді, олар баланың қалай өсіп, дамып келе жатқанын бақылайды, ауырып қалған жағдайда кәсіби медициналық көмек көрсетеді. Ата-аналар кез келген сәтте баланың медициналық картасымен таныса алады. Алайда мамандар пайдаланатын терминология медициналық білімі жоқ адамдарға арналмаған, сондықтан баланың ата-анасына ұдайы түсінікті бола бермейді» дейді Астана қаласы «Ермен Clinic» медициналық орталығының педиатр дәрігері Аманқұл Шәкенова.

Осы салада жиырма бес жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан маманның айтуынша, бала денсаулығы туралы паспортта бала туралы жалпы мәліметтер, анамнестикалық мәліметтер, ата-аналар туралы мәліметтер кестесі, иммунопрофилактикалық іс-шаралар, міндетті емдеу-профилактикалық шаралары, зертханалық және аспаптық зерттеулер, баланың салмағы мен бойының көрсеткіштері, диспансерлік бақылауда болғаны туралы мәліметтер және тағы басқа ақпарат қамтылады. Сондықтан, бұл құжат қағаз түрінде болса да, электронды форматқа ауысса да, өз маңыздылығын жоймайды. Керісінше, жаңа бастама дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп, артық қағазбастылықтан арылтуға көздейді» дейді Аманқұл Шәкенова.



БЕС АДАМҒА ӨМІР СЫЙЛАДЫ

Елордада 17 шілде күні University Medical Center клиникаларында орган трансплантациясын күту тізімінде тұрған үш пациентке жасалған операция сәтті өтті. Геморрагиялық инсульт алған 44 жастағы әйелдің туыстары орган донорлығына келісім беріп, бес адамға өмір сыйлады.

УМС Жүрек орталығында медициналық топ 43 жастағы пациентке донорлық жүрек трансплантациясын жасады. Екінші пациентке өкпе трансплантациясы жасалды. Ал Ана мен бала орталығында 15 жастағы қызға бүйрек трансплантациясы жүргізілді. Сондай-ақ екінші донорлық бүйрек пен бауыр Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми онкология орталығында пациенттерге трансплантацияланды.

Қазіргі таңда барлық реципиенттердің жағдайы қанағаттанарлық әрі мамандардың бақылауымен оңалтудан өтуде.

Донорлық органдарды трансплантациялау – ең күрделі операциялардың бірі. Жүрек пен өкпе трансплантациясы қайтыс болғаннан кейінгі донордан, ми өлімі расталған кезде ғана жүзеге асырылады. Алайда одан кейінгі процесс көбінесе әлеуетті донордың жақын туыстарының шешіміне байланысты.

БАЛАЛАР МЕШІТКЕ БАРДЫ

Астанада Ұлттық балаларды оңалту орталығында емделіп жүрген ерекше балалар ата-аналарымен және қызметкерлермен бірге Астананың бас мешітіне барды.



Басқарма төрағасы Ажар Ғинияттың бастамасымен және Нұра ауданы әкімдігінің қолдауымен Қазақстанның әр өңірінен келген қонақтар мешітке жайлы автобуспен барды. Мешіт қызметкерлері келушілерді жылы қарсы алып, қызықты экскурсия өткізді. Балаларға мейірімділік, үлкендерге құрмет және адамгершілік

құндылықтар туралы әңгімелеп берді.

«Бұл сапар – біздің балалар үшін қызықты экскурсия ғана емес, сонымен қатар рухани және мәдени білімді болудың жолы. Мұндай сәттер пациенттерімізді қуанытты, денсаулықтарынын нығайтуға және оңалтуда маңызды рөл атқарады» дейді Ажар Ғиният.

Бетті дайындаған Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ



ЖАҢА ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Астана іргесіндегі Жібек Жолы ауылдық округінде «Отбасылық денсаулық орталығы» салтанатты түрде ашылды. Оған Астана қаласы мәслихатының депутаттары мен ауыл тұрғындары қатысты.

Орталықта ересектер мен балаларға алғашқы медициналық-санитарлық көмек және консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсету жоспарлануда. Емхана амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі және консультация-

лық-диагностикалық көмекті дамыту туралы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен ережеге сәйкес заманауи медициналық жабдықтармен жабдықталған. Жобаны іске асыруға салынған инвестициялардың жалпы сомасы шамамен 150 млн теңгені құрады. Ультрадыбыстық

диагностика кабинеті, Гидамология және жүктілікті басқару, Офтальмология, Стоматология, ЛОР кабинеттерінде соңғы үлгідегі құралдар бар.

Сонымен қатар, невропатолог, кардиолог, эндокринолог, гастроэнтеролог, дерматовенеролог, физизи-

атр, терапевт және педиатр сияқты бейінді мамандар қабылдау жүргізеді.

«Көптен күткен медициналық орталықтың іске қосылуы – медициналық инфрақұрылымды жақсартудың бір бөлігі. Енді жергілікті тұрғындар туған ауылынан шықпай-ақ қажетті медициналық көмекке жүгініп, медициналық қызмет ала алады» деді Астана қаласы мәслихатының депутаты Динара Байсеркина.

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ҰЛЫ БАБАНЫ БЕЙНЕЛЕГЕН

Бес картинадан (политих) тұратын бұл топтама «әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің өмір жолына арналған. Аталмыш топтаманың жазылуына суретші ізденісін қосқанда жеті жыл уақытын жұмсады. Политихтің толығымен аяқталуы ғұламаның 1150 жылдық мерейтойына сәйкес келді. Содан соң еліміз бен шетелдің алты қаласында көрмеге қойылды. Топтаманың шеруі Каир қаласынан басталып, Дамаск шаһарында аяқталды. Арасында Алматы, Талдықорған, Астана, Анкара қалалары жұртшылығының назарына ұсынылды.

«Картинада қозғалыс бар. Жылы көрініс көрменді орта ғасырға алып кетеді. Себебі онда сәулет құрылыстарының, тұрғындар киген киім-кешектің

Қылқалам шебері Жанұзақ Мүсәпір шығармашылығының басты бағыты – қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрлері, ән-жыры, әдебиеті, мәдениеті, өнері. Қай картинасын алып қарасаңыздар да, суретші ұлтымыздың ежелден қалыптасқан тұрмыс-тіршілігін танытады. Соның ішінде дала тарихына қатысты тақырыптық картиналарда халқымыздың этнографиясы сайрап тұр. Арасында «Балалықтан даналыққа жол» атты біртұтас топтама да кездеседі.



ерекшелігі ғана емес, көне қаланың атмосферасы да көрініс тапқан. Суретші ұлы философтың өмірбаянымен жете таныс. Бұл анық байқалады. Яғни ол өзінің туындылары арқылы философтың сапарлары мен еңбегін көрерменге жеткізе білді. Әр кенеп – түрлі шаһар мен елдің тарихи жәдігерлеріне саяхат. Әр кенеп – тұнып тұрған қолжазба. Әл-Фараби бейнесі картинаның салмағын арттырып, туындының мән-мағынасын толықтырып тұр. Ондағы әр детальдің айтары бар. Бейнеленген түйелердің саны философтың 1150 жылдығын тұспалдап жеткізгендей. Әр түйе бір ғасырдың

жүгін арқалаған сипатта» дейді өнертану кандидаты Светлана Көбжанова. Әл-Фарабидің қазіргі Түркістан облысы Отырар қаласында туғаны әмбеге аян. Оның ұлы жолы да дәл осы қаладан басталған. Отырарда аса бай кітапхана болғаны тарихтан белгілі. Бұл ойшылдың білімге, кітап оқуға деген құштарлығына әсер еткен секілді. Бірінші картинада ойлы кейіптегі кітап оқып отырған бала бейнеленген. Мұнда көрінетін асық ойнап жатқан балалар, түйе сауған келіншектер, алтыбақан тепкен жастар, тазы иттер сюжеті қазақ даласында өтіп жатқанынан

хабар береді.

Екінші картинадан бірнеше қаланы көруге болады. Фараби отырардың қақпасы әл-Фарабидің осы қақпадан шығып, білім алу мақсатымен әлемнің Шаш-Ташкент, Самарқан, Шам, Бұқара шаһарларына барғанын тұспалдайды. Осы картинада балбал тас, петроглифтер мен таңбалы тастардың көріністері және Отырар теңгелері көрінеді, Ұлықбек обсерваториясының белгілері айқын суреттелген. Автордың пікірінше, бұл шаһарларда Фараби алғашқы білім алып, мұнда оның ақылды қалаларға деген қызығушылығы оянды, тұңғыш трактаттары жазылды.

Үшінші картинада – ойшыл өмір сүрген Мерв қаласы. Бұл қалада түркіменнің тарихи кітапханасы орналасқан. Осы суреттен кілем тоқу мен музыка өнері, зергерлік нышандары байқалады. Картина Фарабидің Хамаданнан алған тәлімі, Мешхедтегі оқулары Нишапурмен жалғасқаны туралы айтады. Рей қалаларына барған кезде ол басқа түйеге ауысып, Түркімен және Иран түйелеріне мінгені тұспалданады.

Төртінші картинада – Бағдат қаласы. Мұнда Фараби парсы, араб, түрік тілдерінде поэзиялық, музыкалық ғылыми зерттеу жүргізген, қайықтардың жасалу технологиясын меңгерген. «Музыканың үлкен кітабы» және т.б. еңбектерін жазған. Аспанда өзімен қазақ даласынан бірге ұшып келе жатқан қаршығасы оған күш, рух беруші ретінде бейнеленген.

Бесінші картинада Дамаскінің жеті қақпасының бірі шығыс қақпасынан әл-Фарабиді күтіп тұрған ғалымдар, келе жатқанын естіген жұрт қарсы алады. Ойшылмен кездескен халықпен топтама аяқталады. Бұл заңды да. Себебі ғұлама дәл осы шаһарда мәңгілікке дамып тапқан. Кесенесі де осында орналасқан. Жанұзақ Мүсәпір картинаны Дамаск қаласындағы Әбу Насыр әл-Фараби музейіне Қазақстан халқының атынан апарып тапсырды да.

«Мен жол үстінде дүниеге келгенмін. Өмір жолым солай басталған екен» деген еді суретші бірде. Ұлы ойшылдың балалықтан басталып, даналыққа жеткізген жолын бес картинаға сыйдырған қылқалам шеберінің бұл туындысы Биыл Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Сол арқылы қазақтың ғана емес, түбі бір түркі жұртының тарихы, мәдениеті мен өнерін кестелеген автор бұл сыйлыққа әбден лайық деп есептейміз.

ЖАМБЫНЫ КӨРГЕН АТПАЙДЫ, МЕРГЕН АТАДЫ

Астындағы атының өзінде алты жасар баланың ақылы бар халықпыз. Алда біздің осы ат үстіндегі еркіндігіміз бен ер-келігіміз сыналатын Дүниежүзілік көшпенділер ойындары жақындап келеді. Онда дәстүрлі садақ ату түрімен қатар жамбы атудан жарыс болады.

Шаһарғат ӘБДІР

Дәстүрлі садақ атудың ережесіне сәйкес, әр садақшы ұлттық киімін немесе тарихи жауынгерлік киімін киіп келуі керек. Жарыс 9-12 қыркүйек аралығында «Арғұмақ» ат-спорттық сауықтыру кешенінде өтеді. Ал, жамбы ату 8-11 қыркүйек аралығында Этноауыл аумағында өтеді.

Жамбы ату «Азия стили», «Түркі стили», «Мажар стили», «Жамбы стили» қатарлы төрт түрлі стиль бойынша өтеді. Бұған қосымша Тайтұяқ стили мен Аңшылық стили де қосылмақ. Жалпы жамбы атудың әртүрлі стилі бар. Халықаралық ойындарда «Император», «Саран» стилдері бойынша да көптеген жарыстар өткізіліп келе жатыр. Бұл жолғы жарыста «Жамбы ату» бойынша спортшыларға төрт мүмкіндік беріледі. Сол мүмкіндіктерден жинаған ұпай арқылы жеңімпаз анықталады. Басты шарт мерген шауып бара жатқан ат үстінде нысанға оқты дәл тигізуі керек. Ал, атпен шауып өтетін жарыс жолының ұзындығы 99 метр, ені 3 метр. Әр стилдің өзінің бекітілген ережесіне сай оқ ату тәсілдері де өзгеріп отырады. Жеңімпазды анықтау үшін жамбының

алтын, күміс, қола сынды үш түрі бойынша дәлдік есепке алынатын болады.

Ал енді жамбының халқымыздың тарихымыз бен байланысы туралы тоқталатын болсақ, жамбы деген сөз көне түрік тілінде «ямбу» яғни, құймалы алтын немесе күміс деген мағына бидіреді. Қазақ оның сыртқы пішіні малдың тұяғына ұқсастау болғандықтан, тайтұяқ, қойтұяқ, аттұяқ, асық жамбы, бесік жамбы, түйекөз жамбы, қойбас жамбы деген сияқты түрлерге бөліп атаған. Жаңағы күміс жамбы, алтын жамбы деген атауларда жасалған, құйылған материалдарына байланысты қойылған аттар. Әрі жамбы атудың әдісіне қарай нысананы «Айқабак ату» және «Алтын қабақ» деген сияқты атаулармен атаған. Яғни мерген айқабак атып дәлдесе, сол ілінген алтынды өзі алатын болған. Бұл жамбы атудың ең жоғары деңгейі болып саналған. Қазіргі кезде мергендік оның ішінде жамбы ату дамып келеді. Бұған дейін елімізде де бірнеше дүркін өткізілген бұл жарыс түрі Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында тіпті де кеңінен насихатталады деп сенеміз.

Тарихта жігіттің сұлтанын сынаудың ең бір ұтымды жолы да осы жамбы атқызу болған. Тіпті хандар қызына жар таңдаған кезде дүйім жұрттың алдында айттырған ауылдың жігіттеріне жам-

бы атқызып сынаған екен деген аңыз бен әфсаналардың көп болуы да тегін емес ел ішінде. Сондай-ақ, жамбы ату жалғыз өнер емес. Ол қос өнерді бірдей бойына сіңірген спорт түрі. Мысалы қазіргі таңда спортта жамбы ату мен садақ ату екі бөлек жарыс түрі болып ұйымдастырылады. Бірақ қазақ бұл екі жарыстың да жеңімпазын мерген деген атаумен атаған. Бұл атаққа жеткен жігіт жарты патшалықтың иесіндей қадірлі болған. Сол мергендіктің бір белгісі – садақ ата білу. Қазақтар небір атқан оғы жерге түспейтін мергендердің болғаны турасында әңгіме көп. Тіпті ғұндардың желді жырта ысқырған жебесінің дауысынан жаудың зәре құты қалмай қашқаны турасында да тарихи естеліктерден кездестіреміз. Жалпы жебесі жерге түспейтін мергендер туралы таңды таңға жалғап әңгіме айта беруге болады. Шыңғысханның өзі ең білікті сенімді нояндарының біріне Жебе деген атау бергенін, тіпті Меркіттің Қолтуған деген мергеннің алдыңғы атқан оғын артқы атқан оғы қуып жетіп қарсы айыратынын тарихшылар бұған дейін талай мәрте жазған-ды. Міне мұның бәрі де ел ішіндегі осы бір өнер иесінің орны ерекше екендігін көрсетсе керек.

Көшпенділер тарихында жауынгерлік пен жанбағысқа қатар жүрген бұл өнер біріншіден жауды, екіншіден анды атауға кенінен қолданылған. Сондай-ақ садақты бес қарудың біріне балаған халқымыз, оның өзін «қайың садақ», «қарағай садақ», «үйеңкі садақ», «бұлғары садақ», «адырна», «көн садақ» деп бөлген. Әрі бұнымен ғана қоймай садақтың және оның оғының неше түрлі



атаулары халық ауыз әдебиетінде көптеп кездеседі. Мысалы Қазтуған жыраудың: «Бұдырайған екі шекелі, Мұздай үлкен көбелі, Қары ұнамы сұлтандайын жүрісті, Адырнасы шайы жібек оққа кірісті» деп айтқаны сөзімізге дәлел бола алады. Осындағы Адырнаның өзі бес бөліктен тұрады. Оның қолмен қысып ұстайтын орта тұсын белі деп атайды. Ал адырнаның екі басын қосып байланған жігіт кіріс дейді. Ол берік жігіттен немесе жібектен, тарамыстан өріледі. Оның міндеті – оқты нысанаға қарай ұшыру. Кіріс жігіт садақтың бір басына мықтап бекітіліп, екінші басы адырнаны босатып тұру үшін алмалы тұзақ түрінде алынып, салынады. Оны қатты серпігенде, адырнаның басы жарылып немесе бетінен кетпес үшін сүйектен қорғаныш орнатып, оны тобыршық деп атаған. Сондықтан ғой атақты Доспанбет жыраудың «Тобыршықты биік жай салып, Дұшпан аттым өкінбен» деп жырлайтыны. Сонымен

қатар садақ оғының өзі бірнеше бөлікке бөлінетін болған. Мысалы оқтың ұшын жебе дейді. Ол сүйектен не темірден жасалатын болған. Жебе бекітілетін ағашты сабы десе, кіріске бекітіліп, созыла серпілетін тетікті кезтабан деп атаған. Ал оқтың тұзу ұшуына бағыт беретін қауырсынды оқтың қанаты деген. Сонымен қатар жебенің де жасалуына қарай «сүр жебе», «қу жебе», «тобылғы жебе» деген сияқты түрлерге бөлген және жебеге қозыжауырын, сауытбұзар, көбебұзар, үш қырлы, доғал жебе деген атаулар берген. Міне осыдан-ақ қазақтың мергендік өнерге жай қарамағандығын, өз өмірінде садақтың қаншалықты маңызға ие болғандығын аңғару қиын емес. Ендеше алда келе жатқан Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында да садақтың сағымға іліп, құралайды көзге атқан мергендердің өнерін тағы бір мәрте тарих сүзгісінен өткізіп, «Алтын жамбы» иесін анықтаудың кезі келіп тұр.

№87 (4675) 23/07/2024 Сейсенбі

ОПЕРА ӘНШІЛЕРІ ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАДЫ

Astana Opera халықаралық опера академиясының екінші шығарылымы бойынша әншілер оқуын тәмамдады. Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен бір жыл бойы жас вокалистер үздік қазақстандық және шетелдік коучтердің жетекшілігімен өздерінің шеберлігін шыңдады. К.Байсейітова атындағы Камералық зал сахнасында өткен «Туған тілде» концертті оқу бағдарламасының шешуші түйіні болды.



Академиктердің 2023-2024 оқу жылындағы жетістіктерін еске ала отырып, академияның екінші құрамының барлық концерттері зор табыспен өткенін айта кетуіміз керек. Жас солистер К.Байсейітова

атындағы Камералық зал сахнасында өнер көрсетті. Ең жарқын бағдарламалардың бірі «Браво, Опера!» концерті болды, сондай-ақ классикалық музыканы ұнататын жандар XI театр маусымы бойы «Астана

Опера» репертуарында ұсынылған опералық спектакльдерде тыңдаушылардың көбін жылы қабылдады.

Академия тыңдаушылары арасында көкшетаулық баитон Бекұлан Ерболатұлы

мен астаналық тенор Нұрсұлтан Әнуарбек әлемге әйгілі альтшы әрі дирижер Юрий Башмет әртістік директоры болып табылатын XVII Қысқы өнер фестивалі аясында Сочиге оқуға шақырылды. Солистер үздік ұстаздар мен музыка қайраткерлерінің шеберлік сабақтары мен дәрістеріне қатысып, қорытынды концертте өнер көрсетті.

Дүниежүзіне танымал италиялық коуч-пианист әрі дирижер Алессандро Бенини мен Озимо қаласындағы Вокал академиясының профессоры Алла Симонишвилидің шеберлік сабақтары жылдың ең айтулы оқиғаларының біріне айналды. Маэстролар жас әншілерді Г.Доницеттидің «Қоңырау, немесе Дәріханашының неке түні» операсының премьерасына, сондай-ақ осы композитордың «Махаббат сусыны», П.Чайковскийдің «Иоланта» қойылымдарына дайындады. Отандық ұстаздар, дирижерлер мен концертмейстерлер де жас әртістердің қалыптасуы жолында қажырлы жұмыс атқарды.



ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙТЫН ЕЛОРДАЛЫҚТАР

Биыл 26 маусым мен 11 тамыз аралығында өтетін Париж Олимпиадасына Астана қаласынан 12 спортшы қатысады.

Оның ішінде теннистен 5 лицензия бар. Елена Рыбакина 2022 жылы атақты «Уимблдон» үлкен дулыға жеңімпазы атанған болатын. Әлемдік рейтингте 4-орында тұр. Токио Олимпиадасында жартылай финалға дейін жетіп, отандық теннис тарихындағы рекордты жаңартқан. Бұдан бөлек, биылғы маусымды теннистен өте сәтті өткізген Юлия Путинцева, Александр Бублик, Александр Недовесов, Александр Шевченко бақ сынады. Сондай-ақ бокстан – 2 лицензия. Бокстан Қазақстан тарихында бірінші рет егіз боксшылар өнер көрсетеді. 80 және 92 келідегі ағайынды Айбек және Нұрбек Оралбайлар Астана қаласының атынан шығады. Әйелдер боксынан – 1 лицензия. 2016 жылы әлем чемпионы атанған спортшы Валентина Хальзова қатысады. Жүзуден – 2 лицензия. Әділбек Мусин араға 16 жыл салып, 100 метрге баттерфлай және еркін жүзуден жазғы Олимпиада ойындарына қатыспақ. Қазіргі Еле-на Потепенко бұған дейін Рио және Токио Олимпиадасына қатысқан. Устел теннисінен – 1 лицензия. Кирилл Герасименко 2024 жылдың басында командалық әлем чемпионатында жақсы өнер көрсетті. Спорттық өрмелеуден – 1 лицензия. Жазғы Олимпиада ойындарында екінші рет қана жүлде сарапқа

салынып жатқан құзға өрмелеу спорты өзгеріске ұшырады. Токиода бір ғана жүлде ойнатылса, биыл екі сайыс түрінде лицензиялар берілді. Өткен айда Әмір Маймұратов Будапешттегі финалдық іріктеуде жоғары нәтиже көрсетіп, жылдамдық сайысында жолдама жеңіп алған. Сонымен қатар 8-13 қыркүйек аралығында Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысатынын растады. Ұлттық құрама командасының құрамында спорттың 21 түрінен 281 спортшы, оның ішінде 8 спорт түрінен Астана қаласынан 19 спортшы қатысады: белбеу күресі – 2 спортшы, асық ату (бес асық) – 2 спортшы, күсбегілік – 2 спортшы, тоғызқұмалақ – 1 спортшы, мангала – 2 спортшы, ордо – 2 спортшы, қазақ күресі – 2 спортшы, дәстүрлі садақ ату – 6 спортшы.

Бұдан бөлек, 2025 жылдың 7-14 ақпан аралығында Қытайдың Харбин қаласында қысқы Азия ойындары өтеді. Астана қаласының құрамынан 4 спорт түрінен, атап айтқанда конькимен жүгіру, шаңғы жарысы, мәнерлеп сырғанау, шорт-тректен 21 спортшы қатысады деп жоспарлануда.

ШАРТАРАПТЫ ҚАМТЫҒАН ЖАРЫС

1966 жылдан бастап жыл сайын 20 шілдеде ФИДЕ «Gens una sumus» (лат. «Біз бір отбасымыз») ұранымен өтетін Халықаралық шахмат күні атап өтіліп келеді. Ал биыл ФИДЕ 100 жылдығын тойлап жатқанда бұл күн мүлдем ерекше тойланып, Қазақстан шахмат федерациясының және қалалық әкімдіктердің қолдауымен еліміздің барлық өңірінде бір мезетте шахматтан жарыс өтті.

Бұл жарыстың бір артықшылығы ФИДЕ 24 сағат ішінде ойналған шахмат ойындарының ең көп саны үшін Гиннестің рекордтар кітабына ену мақсатын қойды.

Айтулы іс-шарадан Астана қаласы да тыс қалмады. Raddison қонақ үйінде 128 шахматшы 11 турдан тұратын блиц сайысынан сынға түсті.

Шахмат тек ойын ғана емес. Ол баланың интеллектуалдық дамуына үлкен септігін тигізеді. Себебі, шахматқа келген барлық бала кәсіби түрде айналысып кетпейді. Болашақта бұл спорт өмірінде шешім шығаруға көмектесетіні сөзсіз. Шахмат елімізде бүгін немесе кеше ғана дамыған жоқ. Бұрыннан бері жүйелі жолға қойылған. Әлемде Қазақстанның өзіндік орны



да бар. Мысалы, 2023 жылы әйелдер арасындағы командалық әлем чемпионатында құрамымыз күміс жүлде алды. Биыл Қазыбек Нөгербек ұзақ уақыттан кейін 20 жасқа дейінгілер арасында әлем

чемпионы атанды. Бүгінгі іс-шара да шахмат спортының дамуына, танылуына үлкен үлес қосады деп сенемін, – деді Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Александр Бабенко.

Сонымен қатар елорда төріне отандық шахматшылар ғана емес, Швейцария, Ресей, Беларусь, Израиль, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінен де арнайы келген қонақтар болды.

Нәтижесінде KazChessFest турнирінің кепілдендірілген жүлде қоры 2 миллион теңгені құрап, 1 орынға – 500 мың, 2 орынға – 300 мың, 3 орынға – 200 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлықтар және әртүрлі номинациялар бойынша жеңімпаздарға марапат үлестіріліп берілді.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ

ТЕННИС ТУРНИРИ ӨТТІ

Астанада балалар мен жасөспірімдер арасында «ATF 16&UNDER BABOLAT OPEN» турнирі өтті.

Шапағат ӘБДІР

Дәстүрлі жарыстың биылғы додасында 60-тан астам теннисші бас қосты. Олардың арасында Ресей мен Германиядан келгендер де бар. Ұйымдастырушылар мұндай жарыстардың жиі болуы жас спортшылардың жігерін жанып, оларды алға жетелейтінін айтады.

Жасөспірімдер арасында халықаралық турнирлер айына 3-4 рет өтіп тұрады. Теннис – қымбат спорттардың қатарына кіретіндіктен, өкінішке қарай, барлығына қолжетімді емес. Оның үстіне әр теннисші турнирге қаты-

су-қатыспауын өзі шешеді. Бірақ спорт басқармасы болашағы бар, нәтижесі жақсы спортшыларға қолдауын үнемі көрсетіп тұрады. Балалар арасында қалалық, ішкі турнирлер де жиі ұйымдастырылады. Алдағы уақытта бұл спортшы жастарымыздың арасынан да халықаралық аренада ел намысын қорғайтын чемпиондар өсіп шығады деп сенеміз, – дейді Спорт бөлімінің нұсқаушысы Нұрдан Тассейіт.

Елімізде тенниспен айналысатын спортшылардың қатары жыл сайын артып келеді. Қазірдің өзінде жасөспірімдер арасынан Әмір Омарханов, Заңғар Нұрланұлы, Асылжан Арыстанбекова сияқты спортшыларымыз әлемдік ірі



додаларда мықтыларды ұтып, көзге түсіп жүр.

Ал аталған турнир барысында кубок қана сарапқа салынбай, әр теннисші рейтингте жоғары көтерілуіне мүмкіндік алды. Нәтижесінде жеке разряд бойынша жігіттер жағынан 1-орын Дамир Дүйсенғазинге, 2-орын Далер Амангелдіге бұйырды. Ал жұптық разряд бойынша 1-орын Темуджин Искандиров пен Ратмир Пулькевичке бұйырса, 2-орынды Вадим Ляшенко мен Даниал Шалхимбаев өзара бөлісті. Қыздар жағынан жеке разрядта 1-орын – Гүлден Азаматқызына, 2-орын Дайана Жақыпбаеваға бұйырды. Ал жұптық разряд бойынша 1-орынға Дайана Жақыпбаева мен Зинира Жүнісова лайық деп танылса, 2-орынға Аделина Маманфина мен Гаухар Ақтан жайғасты.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqrarat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №87

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ